

Диплом жұмысының тақырыбы

**«Ұйымдарда міндеттемелер есебі
және аудитінің жүзеге асырылуы»**



Қазақстан Республикасы егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болған соң өзінің салық жүйесін қалыптастыруы қажет болды. Мемлекеттік салықтар тек қана бюджеттік кіріс жағын құрып қоймай, сонымен қатар экономикаға реттеу жүргізіп отырады.

14.12.2012ж ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан Республикасының президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясында: Салық саясаты өндіріс және жаңа технологиялар саласындағы салық салу объектілері үшін қолайлы салық режимін енгізу қажет. Қазір бұл жұмыс басталды. Оны жетілдіру мақсатын қоямын. Барлық қолданыстағы салық жеңілдіктеріне ревизия жүргізіп, оларды мейілінше тиімді ету керек. Біз салық әкімшілігін ырықтандыру және кеден әкімшілігін жүйелендіру саясатын жалғастыруға тиіспіз. Салық есептілігін жеңілдетіп әрі мейілінше азайту қажет. Біз нарық қатысушыларын салықтан жалтару жолдарын іздеуге емес, бәсекелестікке ынталандыруымыз қажет. Салықтық қадағалауды прагматикалық азайту шаруашылық субъектілерінің салық қызметімен диалогын азайтуға тиіс. Алдағы бес жылда бәріміз онлайн-электрондық есептілік режиміне көшуіміз керек. 2020 жылдан бастап біз салықтық несиелендіру практикасын енгізуіміз керек. Басты міндет – кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін ынталандыру. Жаңа салық саясаты әлеуметтік бағыт алуға тиіс. Бұл үшін 2015 жылдан бастап ынталандыру шаралары кешенін, соның ішінде білім беруге, өзін, өз отбасын, қызметкерлерін медициналық сақтандыруға қаражат салатын азаматтар мен компанияларды салықтан босату практикасын көздейтін ынталандыру кешенін әзірлеу қажет.

Дипломдық жұмыстың өзектілігі – кәсіпорынның қаржылық жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуін қамтамасыз ету үшін өзінің қарыз міндеттемелерін уақытылы өтеуі қажеттігі болып табылады.

Себебі қазіргі таңда қаржының жетспеушілігінен банктерден, банктен тыс мекемелерден, шет елдерден қарыз, несие алып өздерінің жұмысын жандандырып жатқан, сондай-ақ міндеттемелерін шектен тыс көбейтіп алып оны қайтаруға мүмкіншілігі болмай жабылып, аукционға салынып, сатылып жатқан ұйымдар көптеп кездеседі. Сол себепті кәсіпорын міндеттемелерінің есебін тиімді ұйымдастыру кәсіпорынның барлық экономикалық жұмысында алдыңғы қатарлы мәнге ие.

Дипломдық жұмыстың мақсаты:

Диплом жұмысының мақсаты – зерттеу объектісі ретінде алынған міндеттемелердің ұйымдастыру жүйесін жан-жақты қарастырып, талдап, оны жетілдіру жолдарын және нарықтық талаптарға сай жағдайға әкелу бағыттарын зерделеу болып табылады.


Дипломдық жұмыстың міндеттері:

- - міндеттемелердің жалпы түсінігі мен олардың жіктелуін қарастыру;
- - ұзақ және ағымдағы міндеттемелер есебінің мән-мағынасын ашу;
- - корпоративтік және жеке табыс салығының жалпы сипаттамаларын ашып көрсету;
- - Үштөбе қаласында орналасқан «Казпочта» акционерлік қоғамының Алматы облыстық филиалының мысалында міндеттемелердің талдауы және аудитін қарастыру;
- - ұйымдағы салықтардың даму проблемалары және олардың әдістемелік негізін зерттеу;
- - ұйымдағы салықтар бойынша есеп айырысу есебі мен аудитін жетілдіру жолдарын зерттеу.

Міндеттемелердің түсінігі, жіктелуі

- ❖ **Міндеттемелер**-бұл ұйымның осы есепті уақытында бар нақты берешегі,оны өтеу үшін қарсы жақтың наразылығын қанағаттандыруда ресурстың жылыстауы түріндегі экономикалық пайданың кемуіне алып келеді.

1) Ұзақ мерзімді міндеттемелер



Есеп беру мерзімінен кейінгі жыл ішінде немесе белгілі бір операциялық цикл ішінде қайтарылуы жоспарланбайтын кәсіпорынның міндеттемелері.

Міндеттемелер өтелу мерзіміне байланысты екі түрге бөлінеді:



2) Ағымдағы міндеттемелер



Міндеттемелер егер ұйымның қалыпты операциялық циклы кезінде төлеу балансынан кейін 12 ай ішінде жүргізіледі деп болжанса.

1) Ұзақ мерзімді міндеттемелердің аудиті

Аудитор бір мезгілде басқа кәсіпорындардан қарыз алудың негізділігімен заңдылығында, сондай ақ оларды өтеудің толықтығымен мерзімділігін тексеруі тиіс. Сонымен қатар аудитор қарыз дәне алынған несие үшін пайыз төлеудің дұрыстығын тексеріп, сондай ақ кәсіпорынның өтелмеген қарыз қалдықтарымен бірге осы қарыз үшін банкте тиесілі пайызды көрсету жайлы шешім қабылдағанын анықтауы тиіс. Пайыздар соммасы банктердің қарыздары жөніндегі пайыздарды төлеу бойынша, шығыстар есебінің тиісті шоттарымен бірге корреспонденциясында ұзақ мерзімді міндеттемелер есебі шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

2) Ағымдағы міндеттемелердің аудиті

Аудиторға мыналарды тексеру керек:

- 1) қарыз үшін төленген пайыздардың дұрыстығын және оларды кезеңдік шығыстарға дұрыс ажыратылуын тексеру;
- 2) 3010 шот бойынша №4 журнал-ордер, баланстағы синтетикалық және аналитикалық есептің дұрыстығын;
- 3) «Ұзақ мерзімді міндеттемелердің ағымдағы бөлігі» деген бабының көрсеткіштері баланстағы «Қысқа мерзімді міндеттемелер» бөліміне кіргізілуін тексеру;
- 4) осы бап бойынша қарыздардың қайтару мерзімінің орындалуын, көрсетілген сомалардың нақтылығын тексеру;
- 5) «Овердрафт» бабы бойынша көрсеткіштердің дұрыс анықталуын және уақтылы төленбеген банк қарыздары бөлек есептелінуі керектігін;
- 6) 3010 шотының аналитикалық есебінің мәліметтерін тексеру;

Салықтық міндеттемесі

Салық міндеттемесі мемлекет алдындағы әрбір салық төлеушінің міндеттемесі болып табылады және ол салық заңына сәйкес жүргізіледі.

2001-жылғы 12-маусымда №209—11 Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері туралы" (өзгертулермен және толықтырулармен) салық Кодексі қабылданды. Кодекске сәйкес жеке және заңды тұлғалардан алынатын салықтар мемлекеттік бюджетті толықтырудың негізгі көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігіне қосымша келесідей мемлекеттік салықтар мен алымдар енеді:

- 1) Корпоративтік табыс салығы;**
- 2) Жеке табыс салығы;**
- 3) Жер қойнауын пайдаланушыларға салынатын салық;**
- 4) Әлеуметтік салық;**
- 5) Жер салығы;**
- 6) Көлік құралдарына салынатын салық;**
- 7) Мүліктерге салынатын салық;**
- 8) ҚҚС;**
- 9) Акциздер.**

Соның Корпоративтік табыс салығына тоқталамыз.

Бұл салықты мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңды тұлға-резиденттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикадағы көздерден табыс алатын заңды тұлға-бейрезиденттер төлейді

Корпоративтік табыс салығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеттінің кірістерінің құрылуына үлкен әсер етеді.

Одан түсетін бюджеттік төлемдер мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің **1/3 бөлігін**, (немесе **2013ж – 41,2 %**, **2014ж-35,2%**, **2015ж-32,2%**) ал республикалық бюджеттің салықтық түсімдердің жартысын (немесе **2013ж -53,4%**, **2014ж -46,5%**, **2015ж-46,6%**) құрады.

Осы 10 жыл аралығында (2005-2015 жж.) жалпы бюджет кірістері 309,5 млрд-тан 2887,9 млрд-қа дейін, немесе 9,3 есе өсті. Ал оның ішінде корпоративтік табыс салығының түсімдері 38,3 млрд тенгеден 758,3 млрд тенгеге дейін, немесе 19,8 есе өсті.

| Корпоративтік табыс салығының субъектілері | Салық салынатын объектілері | Салық мөлшерлемесі | Салықтық кезең |
|--|-------------------------------------|--------------------|-----------------|
| Заңды тұлға, ҚР резиденттері (бұларға Ұлттық банкі мен мемлекеттік ұйымдар кірмейді) | Салық салынатын табыс | 20% | Календарлық жыл |
| | Төлем кезінен салық салынатын табыс | 10% | |
| Заңды тұлға, ҚР резиденттері, олар үшін жер өндірістің негізгі құралы болып табылады | Салық салынатын табыс | 10% | Календарлық жыл |
| ҚР тұрақты ұйымдар арқылы, қызметін жүзеге асыратын резиденттер емес заңды тұлғалар | Таза табыс | 15% | Календарлық жыл |

Корпоративтік табыс салығының субъектілері мен объектілері

Ескерту - Д.Г. Черник, А.П. Починок, В.П. Морозов Основы налоговой системы. 2-е изд. Москва: «Юнити», 2012ж.-33б.

Жеке табыс салығы

Есепті жыл бойы салық салынатын табысқа ие болған жеке тұлғалар салық төлеушілер болып табылады. Жеке тұлғалардың жылдық жиынтық табысына еңбекақы түрінде алынатын табыстар, кәсіпкерлік қызметтен алатын табыстары, жеке тұлғалардың мүліктік табыстары, тағы да басқа табыстары кіреді.

Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынатын табыстарына мыналар жатады: жұмыскердің табысы; жеке тұлғалардың салық агентінен түсетін табыстары; жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақылық төлемдер; дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс; стипендиялар; жинақтаушы сақтандыру келісімшарттары бойынша табыс.

2015 жылға арналған айлық есептік көрсеткіш

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін **айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 1982 теңге.**

Жалақының ең төменгі мөлшері (ЖТМ) – 21 364 теңге.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері (МБЗ) – 11 182 теңге.

Зейнетақының ең төменгі мөлшері – 23 692 теңге.

Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 21 364 теңге.

2014 жылға арналған айлық есептік көрсеткіш

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін **айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 1 852 теңге.**

Жалақының ең төменгі мөлшері (ЖТМ) – 19 966 теңге.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері (МБЗ) – 9 983 теңге.

Зейнетақының ең төменгі мөлшері – 20 782 теңге.

Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 19 966 теңге.

АҚ «КАЗПОЧТА» ұйымы мысалында міндеттемелердің талдауы және аудиті

Қазпочта ТМД аумағында бірінші болып пошта-жинақ жүйесін құрастырып енгізген бірден-бір пошта әкімшілігі болып табылады. «Қазпочта» АҚ-ның сапалы пошта-жинақ жүйесін құрастырудағы жұмысының нәтижелері Байланыс саласындағы аймақтық достастықпен сәтті деп танылды. Ал Қазақстандағы жаңа пошта жүйесінің үлгісі Достастық елдері пошта әкімшіліктері үшін болашағы мол даму жолы ретінде атап өтілді. Бүгінгі күні Қазақстандық пошта 21 000-ға жуық қызметкер, республика бойынша 3200 байланыс бөлімшелері, 14 облыстық және 4 республикалық мәндегі филиалдан тұрады. Үштөбе қаласында орналасқан «КАЗПОЧТА» акционерлік қоғамының Алматы облыстық филиалы -ң жылдық қаржылық есебінің дұрыстығын анықтау және оны бекіту үшін, сондай-ақ серіктестіктің ағымдағы қызметінің жағдайын тексеру, бағалау мақсатымен серіктестікпен, бас директормен, серіктестікке қатысушылармен өзара мүліктік тұрғыдан мүдделі байланысы жоқ кәсіби аудиторды тартуға құқылы.

Баланс мәліметтері бойынша активтердің құрамы мен олардың таратылуына талдау жасау үшін келесі 3-аналитикалық кесте құрылады.

**«КАЗПОЧТА»
акционерлік
қоғамының
2013-2015жж.
бухгалтерлік
балансы
мың теңге**

| Активтер | 2013 | 2014 | 2015 | Ауытқу 2015 ж 2013ж қарағанда | Ауытқу 2015 ж 2014ж қарағанда |
|--|---------------|---------------|---------------|--|--|
| I. Қысқа мерзімді активтер | | | | | |
| Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері | 58210 | 59231 | 165114 | +106904 | 105883 |
| Қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 15640 | 216241 | 59564 | +43924 | -156677 |
| Қорлар | 53240 | 61737 | 35561 | -17676 | -26176 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 180 | | 765 | +585 | |
| Қысқа мерзімді активтердің жиыны | 127270 | 337209 | 261004 | +133734 | -76205 |
| II. Ұзақ мерзімді активтер | | | | | |
| Негізгі құралдар | 280915 | 289153 | 400329 | +119414 | 111176 |
| Ұзақ мерзімді активтердің жиыны | 280915 | 289153 | 400329 | +119414 | 111176 |
| Баланс (100жол+200жол) | 408185 | 626362 | 661333 | +253148 | 34971 |
| Пассивтер | 2013 | 2014 | 2015 | Ауытқу 2015 ж 2013ж қарағанда | Ауытқу 2015ж 2014ж қарағанда |

| | | | | | |
|---|---------------|---------------|---------------|----------------|---------------|
| III. Қысқа мерзімді міндеттемелер | | | | | |
| Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 75286 | 146172 | 80986 | +5700 | -65186 |
| Салықтар бойынша міндеттемелер | 24310 | 28120 | 39690 | +15380 | 11570 |
| Қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 2480 | 3146 | 26998 | +24518 | 23852 |
| Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері | 2325 | 18339 | 31459 | +29134 | 13120 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 2145 | 6154 | 3546 | +1401 | -2608 |
| Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны | 106546 | 201931 | 182679 | +76133 | |
| IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер | | | | | |
| V. Капитал | | | | | |
| Меншікті капитал | 12837 | 12837 | 12837 | | |
| Сатып алынған жеке меншік үлестік аспаптар | 24445 | 24445 | 24365 | -80 | -80 |
| Резервтер | 290 | 317 | 2971 | +2681 | 2654 |
| Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал) | 264067 | 380163 | 309206 | +45139 | -70957 |
| Капитал жиыны | 301639 | 417762 | 349379 | +47740 | |
| Баланс (300жол+400жол+500жол) | 408185 | 626362 | 661333 | +253148 | -87635 |

Ескерту - «КАЗПОЧТА» акционерлік қоғамының жылдық есебі негізінде

Баланстық кестеге қойылған тепе-теңдік қатаң талапқа сай, мұндағы жинақталған активтер мен пассивтер сомасы әрқашанда тең сомада болуы керек. Жинақталған соманың тепе-теңдігі екі жақтылық принципке тән активтер сомасы қаржы көздері пассивтер сомасынан көп не аз болмауы керек. Талданып отырған ұйымда салықтар бойынша міндеттемелер **2013 жылы- 24310 мың теңгені құрады, 2014 жылы- 28120 мың теңгені құрады, ал 2015 жылы- 39690 мың теңгені құрап отыр. 2015 ж 2014ж қарағанда салықтар бойынша міндеттемелердің ауытқуы- 11570 мың теңгені құраған, ал 2015 ж 2013ж қарағанда- 15380 құрап отыр**

| Көрсеткіштердің аталуы | 2013 | 2014 | 2015 | Ауытқу 2015 ж 2013ж қарағанда | Ауытқу 2015 ж 2014ж қарағанда |
|---|---------|---------|---------|--|--|
| Өнімдер және көрсетілген қызметтерді сатудан түскен табыс | 1125400 | 1130000 | 1149000 | +23600 | +1900 |
| Сатылған өнімдер мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 562400 | 563000 | 566000 | +3600 | +300 |
| Жалпы табыс | 563000 | 567000 | 583000 | +20000 | +70 |
| Қаржыландырудан түскен табыстар | 8100 | 8200 | 8500 | +400 | +30 |
| Басқалай табыстар | 510300 | 557000 | 572000 | +61700 | +1500 |
| Өнімдерді және көрсетілген қызметтерді сатудың шығындары | 40210 | 40800 | 46200 | +5990 | +540 |
| Әкімшілік шығындары | 1600 | 2400 | 900 | -700 | -150 |
| Қаржыландыруға арналған шығындар | 850 | 900 | 1500 | +650 | +60 |
| Басқалай шығындар | 16410 | 18000 | 17500 | +1090 | -50 |
| Үлестік қатысу әдісімен есептелінген (пайдадағы шеккен зияндағы) үлес | 70500 | 80000 | 80200 | +9700 | -20 |
| Қызметі жалғасқан кезеңдердегі пайда (шеккен зиян) | 1032250 | 1071700 | 1109600 | +77350 | +2180 |
| Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (шеккен зиян) | - | - | 4000 | +400 | +400 |
| Салық салғанға дейінгі пайда (шеккен зиян) | 1032250 | 1071700 | 1113600 | +81350 | +41900 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шеккен зияндар | 305210 | 320210 | 334100 | +28890 | +13890 |
| Есепті кезеңдегі жиынтық пайда | 615840 | 597490 | 615500 | -340 | +18010 |

Ескерту - «КАЗПОЧТА» акционерлік қоғамының жылдық есебі негізі.

«КАЗПОЧТА» акционерлік қоғамының 2013-2015жж. табыс және шығындар жөніндегі қорытынды есебінің мәліметтері бойынша, корпоративтік табыс салығы бойынша шеккен зияндар 2013 жылы- 305210 теңгені құрады, 2014 жылы- 320210 теңгені құрады, ал 2015 жылы- 334100 теңгені құрап отыр. 2015 ж 2014ж қарағанда ауытқуы- 13890 теңгені құраған, ал 2015 ж 2013ж қарағанда- 28890 теңге құрап отыр.

«КАЗПОЧТА» акционерлік қоғамының 2013-2015жж. ақша қозғалысының қорытынды есебі (тікелей әдіс)

| Көрсеткіштердің аталуы | 2013 | 2014 | 2015 | Ауытқу 2015 ж 2013ж қарағанда | Ауытқу 2015 ж 2014ж қарағанда |
|--|-------|-------|--------|--|--|
| Ақша қаражаттарының орташа қалдығы | 2700 | 2800 | 3741 | +1041 | +941 |
| Ақша қаражаттары шоты бойынша кредиттік айналымдардың сомасы | 76810 | 78750 | 104130 | +27320 | +25380 |
| Банк шоттарындағы ақша қаражаты болу ұзақтылығы | 28,4 | 28,1 | 35,8 | -0,3 | +7,7 |

«КАЗПОЧТА» акционерлік қоғамының 2015 жылғы жанама әдісті қолданып жасалатын ақша қозғалысының қорытындысы мың теңге

| Жазулар мазмұны | Сомасы |
|--|--------|
| Таза табыс | 960 |
| Таза табысты реттеуші операциялар: | |
| Амортизация және тозу жарналары | 545 |
| Берешектер қарызы сомасының өзгеруі | -200 |
| Тауарлы -материалды босалқылардың өзгеруі | -80 |
| Алдағы кезең шығындарының өзгеруі | +150 |
| Ағымдағы басқа да активтердің өзгеруі | -25 |
| Алашақтар қарызы сомасының өзгеруі | -85 |
| Салықтар бойынша есеп айырысудың өзгеруі | +50 |
| Ағымдағы басқа да міндеттемелердің өзгеруі | +50 |
| Операциялық қызмет нәтижесіндегі таза ақшаның көбеюі (+), азаюы(-) | +1365 |

Ескерту - «КАЗПОЧТА» акционерлік қоғамының жылдық есебі негізі.

Бүгінгі күні «Қазпочта» АҚ бүкіл республиканы қамтитын 2 500-ден астам ауылдық, 700-ден астам қалалық пошта байланысы бөлімшесі бар кең пошта желісіне ие, екендігіне қарамастан, көптеген АҚ «Қазпочта» филиалдарының уақыты өтекеле тозуы жоғарылап қаржы жетіспеушілігі және міндеттемелерінің ұлғайуы нәтижесінде өз қызметтерін көрсетуді тоқтатып жатқандығы даусыз өте ауыр проблемалардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары «Қазпочта» АҚ ауылдық жерлерді дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылды дамытуға зор көңілбөлуі тиіс екендігін айтып өткіміз келеді, тек пошталық емес, сонымен бірге қаржылық қызметтер спектрі көрсетілетін байланыс бөлімдерін жаңартуы керек екендігі жарқын байқалады. Пошта байланысы объектілерін салу республикалық бюджеттен және «Қазпочта» АҚ-ның өз қаражатынан қаржыландырылатынын білеміз.

Сонымен қатар АҚ «Қазпочта» өз филиалдарының құрылысын және қызметін ұйымдастыру үшін республикалық бюджеттен шағын көмек ала отырып өздерінің қаражаттарының есебінен орындайтыны анық. Өз қаражаттарын филиалдардың құрылысына және қызметін ұйымдастыруға жұмсаумен қатар АҚ «Қазпочта» мекемесі өз міндеттемелерін соның ішінде мемлекеттік салықтарды өтеп қаржылық жағдайның төмендеуі кезегінде, шығындарының ұлғайуына әкеп соғатын жағдайға душар болып отыр.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының жалпы барлық облыстарында ауылдық байланыс бөлімшелерінде тұрғындарға қызмет көрсету орталықтарының жетіспеушілігі нәтижесінде халықтың соның ішінде зейнеткерлік жастағы тұрғындардың зейнетақыларын алу үшін ауыл ішінде АҚ «Қазпочта» филиалдарының болмауы себебінен ең жақын орналасқан басқа ауылға немесе қалаға жол жүруі үлкен қиындық туғызып, қатарлы проблема болып отыр.

АҚ «Казпочта» филиалдарының жетіспеушілігімен тең терезелі проблема ол POS терминалдардың жетіспеушілігі болып табылады

Байланыс бөлімшелерін соңғы компьютерлермен, сапалы телефон байланысымен, өрт сөндіруші, күзет ескертулерімен жабдықтылып, операциялық зал, Интернет аймағы, сұрыптау және сақтау орындарымен қамтылғандай болатын дәрежеге келтіруге бірі кезекті проблема

Отандық және шетел компанияларының құнды қағаздарын (акциялар) пошта байланысы желісі арқылы аймақтарда алға жылжыту мақсатында «Казпочта» АҚ әріптестігінің даму болашағы мәселесі талқыланды. Халықты ақпараттандыру және қор рыноктары мен шетел қорларында сатуға қойылған құнды қағаздарды (акциялар) сатып алу кезінде көмек көрсету үшін жақын арада пошта байланысы тораптары мен бөлімшелерінде ақпараттық-кеңес беру орталықтары желісінің қызметін жетілдіру кезекті проблема екендігін аңғаруға болады

қазіргі таңда бұл мақсаттарға толықтай жету мүмкін емес болып отыр. Оның бір себебі АҚ «Казпочта» ұйымына мемлекет тарапынан салынған міндетті төлемдердің мөлшері болар.

Пошта-жинақтау инфрақұрылымын дамытуды жүзеге асыру үшін АҚ «Казпочта» ұйымына мемлекет тарапынан қажетті көлемде қаржы көмегі берілсе немесе ұйымға жіктеліп отырған салық міндеттемелерінің көлемін төмендетсе ұйым мынандай жетістіктерге жетуге болады деген ұсынысымыз білдіргіміз келеді. Олар:

- 1) өндірістік объектілердің жан-жақты қамтылуына, жеке желінің компьютерлендірілуіне, пошта жабдықтары мен көлік паркінің жаңаруына септігін тигізуі,
- 2) ұзақ мерзімді салалық бағдарлама аясында жұмыс сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асырылу мүмкіндігі,
- 3) пошта байланыс бөлімшелерін күрделі жөндеуден өткізуге,
- 4) бюджеттік инвестициялар есебінен жаңа ауылдық пошта байланысы бөлімшелерін салып,
- 5) бүкіл республика бойынша қалалық пошта байланысы бөлімшелерін күрделі жөндеуден өттуіне,
- 6) барлық пошта байланысы бөлімшелерінің ішкі жабдықталуының да қазіргі заманғы критерийлерге сай келіп – жиһаз, электронды құрал-жабдықтар, компьютерлік техника, пошталық-кассалық құрал-жабдықтармен толық қамтылуы,
- 7) қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану арқылы көрсетілетін қызмет түрлері аясы кеңейтіліп, мыңнан астам жұмыс орындары пайда болуына септігін тигізу мүмкіндігі.

Тағы бір маңызды жобаны орындауда АҚ «Казпочта» ұйымының ұтымды жүзеге асыруын қамтамасыз ете алатын жағдайды ұйымдастыру, яғни «Казпочта» акционерлік қоғамының жүйесі арқылы электронды сауда мүмкіндіктерін оңтайландыруды жүзеге асыру.

Талданып отырған ұйымда салықтар бойынша міндеттемелер 2013 жылы- 24310 мың теңгені құрады, 2014 жылы- 28120 мың теңгені құрады, ал 2015 жылы- 39690 мың теңгені құрап отыр. 2015 ж 2014ж қарағанда салықтар бойынша міндеттемелердің ауытқуы- 11570 мың теңгені құраған, ал 2015 ж 2013ж қарағанда- 15380 құрап отыр.

«КАЗПОЧТА» акционерлік қоғамының 2013-2015жж. табыс және шығындар жөніндегі қорытынды есебінің мәліметтері бойынша, корпоративтік табыс салығы бойынша шеккен зияндар 2013 жылы- 305210 теңгені құрады, 2014 жылы- 320210 теңгені құрады, ал 2015 жылы- 334100 теңгені құрап отыр. 2015 ж 2014ж қарағанда ауытқуы- 13890 теңгені құраған, ал 2015 ж 2013ж қарағанда- 28890 теңге құрап отыр.

Назарларыңызға рахмет

